

6D011400 – Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған Гүлжан Идрисованың «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» атты диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p>	<p>Идрисова Гүлжанның диссертациялық зерттеуі тарих ғылымын дамытудың басым бағыттарына және білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламаларға толығымен сәйкес келеді.</p> <p>Докторанттың зерттеу тақырыбы мемлекеттік құқықтық-реттеушілік құжаттарға, тарих, педагогика саласындағы іргелі ғылыми еңбектерге талдау барысында дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихының тарихшы мамандардың кәсіптік біліктілігін қалыптастыруда қолданудың ғылыми-теориялық негіздерін жетілдіру қажеттігін көрсеткен.</p> <p>Ғылым туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы N 407-IV Заңы; Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы; Мәдениет туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 207 Заңы; Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 514-IV Заңы мемлекеттік ресми құжаттардың ғылыми зерттеумен байланысты баптарына диссертацияның тақырыбы, зерттеу нысаны сәйкес келеді.</p>

		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасы», гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы, сонымен бірге «Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамаларымен» байланысады. «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» атты жұмысы осы мемлекеттік бағдарламаларға жауап бере алады.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады. «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» білім беру бағдарламаларында қолданудың тиімділігі дәлелдеп, «Қазақстан тарихы» пәнінде оқытудың педагогикалық зерттеу нәтижелерінің эксперимент арқылы сыннан өткізген; «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» атты пәнінің оқу-әдістемелік кешені жасап, электронды оқулық дайындаған. Диссертацияның нәтижелерін мақалалар арқылы ғылыми айналымға ендірген.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың жазылу деңгейі жоғары, рәсімделуі академиялық талапқа жауап береді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген;</p> <p>2) жартылай негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын</p>	<p>Диссертация өзектілігінің негіздемесі нақты көрсетілген, өзектілігі дәйекті талданған.</p> <p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Диссертация</p>

		<p>айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>мазмұнын ашатын, ғылыми аппарат құрылған. Қысқартылған сөздер тізімін, оның ашылу мәтінін көрсеткен, сөздік жасалынған, басшылыққа алынған нормативтік құжаттар тізімі ұсынылған.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбы мен мазмұнына сәйкес келеді. Диссертацияның тараулары мен бөлімдері осы осы мақсаттар мен міндеттерді ашуға негізделіп құрылған, мақсат, міндеттен ауытқушылық жоқ.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық толық байланысқан. Диссертацияның тараулары, тараулардың ішкі бөлімдері тақырыпқа сай, жүйелі құралған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген. 	<p>Зерттеу барысында автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған, сыни талдау жасалынған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері, жаңалықтары, қағидаттары толығымен жаңа. Қоғамдағы саяси-әлеуметтік қатынастарды билік құрылымдары ретінде жекелей талданған; қазақ қоғамының этникалық ерекшеліктері ажыратылып, талданған; тарихи процестің саяси-әлеуметтік себеп-салдарларының алдын алу, болжам жасау әдістері жүйеленген; отарлық және кеңестік биліктердің модернизациялық процестерінің күш қолдану арқылы жүргізілуінің</p>

			<p>әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және демографиялық апатты салдарлары жіктелген; диссертациялық жұмыс негізінде оқу құралы жазылып, оны оқу үдерісіне енгізу тәжірибесін жүзеге асырған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Диссертант жұмысты жазу нәтижесінде келесідей тұжырымдарға қол жеткізуге жеткізуге жұмыс жасаған: тарихнамалық және деректік талдауларымыз көрсетіп отырғандай дәстүрлі қазақ қоғамының модернизациялану тарихы тарихи танымның бағыты ретінде ғылыми ойда орнығуына, өткен ғасырлардағы қазақ қоғамындағы саяси-мәдени, әлеуметтік-экономикалық реформалардың мақсаты модернизация болғанымен оның іске асырылуында күштеу тетіктерінің қолданылуы және ұлттық менталды, экономикалық ерекшеліктердің ескерілмеуі түрінде деформациялық сипат алғандығына ресми баға берілуі керектігіне; тарихи сана мен тарихи таным қалыптастыру тұрғысында модернизация теориясымен қол жеткен дәстүрлі қоғамның қызметі мен ыдырауына қатысты ғылыми білімдер кешені оқу-әдістемелік жүйе ретінде оқу-тәрбие үдерісіне енгізуге, оның қолданыс табуына.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және диссертациялық жұмыстың толық мазмұнымен, жарияланымдармен, авторлық электронды оқу құралымен негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары</p>	<p>Барлық қорытындылар qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p>

		бойынша)	
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Идрисова Гүлжанның диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға шығарылған қағидаттарға қатысты келесідей шешім айтуға болады:</p> <p>Қағидаттар дәлелді. Зерттеу жұмысының қол жеткен негізгі нәтижелері мен жасалған қорытындылары Қазақстан Республикасы БҒМ БСБК ұсынған журналдарда – 3, 14 Республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда – 3, Халықаралық конференцияларда – 4, оның ішінде Түркияда – 1, SCOPUS базасына енетін басылымында – 1 мақала, яғни барлығы 11 мақала жарияланған. Жоғары оқу орындарының 5B020300–«Тарих», 5B020800 – «Археология және этнология», 030640 – «Тарих және география», 6B01601 – «Тарих мұғалімдерін даярлау» мамандықтарының білім беру бағдарламаларына арналған «Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы» таңдау пәнінің оқу-әдістемелік кешені сыннан өткен, осы тақырыпта электронды оқу құралы дайындалған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p>	<p>Докторант диссертациялық жұмыстың әдіснамалық, әдістемелік негіздерін қалыптастыруда пәнаралық байланысты басшылықта ұстаған, тарих, педагогика теориялары мен практикасының бірлігін, мазмұндық және әрекеттік тұтастығын сақтауды, ғылымилық, қолжетімділік сияқты ұстанымдарды негіздей білген. Ғылыми, практикалық талдау, салыстырмалы сараптау жасай білген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижесінде болашақ педагогтардың кәсіби құзыреті мен біліктілігін қалыптастыруда оқытудың қазіргі заманғы және белсенді әдістері, зерттеу жұмыстарында тарих әдіснамасы, педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау, жинақтау, дерексіздендіру және қорыту әдістері пайдаланылған. Зерттеу кезінде интерпретациялау әдістері қолданылған, ақпараттарды ғылыми өңдей білген.</p>

		2) жоқ	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Идрисова Гүлжанның «Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихы» тақырыбындағы диссертациясының эксперименттік-тәжірибелік жұмыстарына Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде педагогикалық тәжірибе жүргізілген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	ҚР нормативтік- құқықтық құжаттарына, тарих және педагогикалық іргелі монографияларға, шетелдік және отандық авторлардың еңбектері, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, архив құжаттар, ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдар, халықаралық конференциялар жинақтарында жарияланған материалдарға сілтеме жасалған, сілтемелер нақты, дәйекті.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациялық зерттеу барысында қолданған нормативтік құжаттар, отандық және шетелдік авторлардың еңбектері жүйелі, зерттеуше сәйкес қолданылған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеудің теориялық маңыздылығына келесідей шешім айтуға болады: 1) дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихын зерттеудің методологиялық және методикалық ұстанымдары деректану, тарихнамалық тұрғыда талданған; 2) Кеңестік биліктің модернизациялау үдерісіндегі трансформациялық және этнодеформациялық факторлар айқындалып, негізделген.; 3) Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялау тарихын оқытудың қажеттілігі және қазіргі жағдайы теориялық-практикалық талданған.

		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің практикалық маңыздылығын қабылдауға болады, диссертациядан алынған нәтижелерді практикада қолдануға ұсыну мүмкіндігі бар. Диссертацияда қол жеткен нәтижелерді ЖОО-ның оқу үдерсінде, оқу құралдарын, әдістемелік нұсқаулықтар жазуға, ғылыми-зерттеу институттары, музей жарияланымдарын дайындауға теориялық-әдістемелік басшылыққа алуға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстары диссертациялық зерттеу нәтижесінде туындаған:</p> <p>«Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы» атты арнайы методологиялық семинар ұйымдастырған. «Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы» курстарының мазмұнына енгізуге қатысты дәстүрлі қазақ қоғамының модернизациялануы тарихына арналған қосымша тақырыптар ұсынылған.</p> <p>«Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихы» атты таңдау курсының электронды оқулығы дайындалған.</p> <p>Оқу үдерісіне енгізу жөніндегі практикалық ұсыныстары жаңа.</p>
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы диссертацияның академиялық жазу талаптарына жауап бере алады, ғылыми сай дербес жазылған, аяқталған жұмыс деп тануға болады, ғылыми стилі үйлесімді, диссертациялық талдауларды ғылыми сілтемелермен дәйектеуге жауапты қарай алған.</p> <p>Диссертацияны жазу барысында жауапкершілікті сезінген.</p> <p>Жазу, рәсімдеу, академиялық сапасы – жоғары.</p>

Шешім: 8D016 – «Гуманитарлық ғылымдар бойынша педагогтар даярлау» бағыты, 6D011400 – «Тарих» мамандығы бойынша Идрисова Гульжан Бердимбаевнаға философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруді ұсынамын.

Ресми рецензент Әл-Фараби атындағы Қазақ
 Университеті, Тарих факультеті, Археология,
 этнология және музееология кафедрасының
 профессоры, т.ғ.к



Картаева Т.Е.

Қолтаңбасын
 растаймын
 Подпись